

# **БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

**Сәдуақас Гүлбану Теміриязқызы**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

(Алматы, Қазақстан)

**Ақмолда Айдана**

«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасының 2-курс  
магистранты

(Алматы, Қазақстан)

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының он екі бағытының бірі ретінде білім алушылардың интеллектуалды мәдениетін дамыту қажеттілігі көрсетіліп, олардың «белсенді ойлау қызметінің дамуын, негізгі құндылықтарды және осы заманғы ғылыми дүниетанымды қалыптастыру, олардың сана-сезімінің сенімді және қажетті біліммен толығын, ақыл-ой қабілеті мен білімге құмарлығын, танымдық қызығушылығын дамыту» - деп қарастырылған [1]. Мұндай күрделі мақсаттар мен міндеттер үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы бастауыш мектепте қаланады.

Ұлттың болашағы тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі ұрпағының рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты.

Осыдан келіп, егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде.

Ендеше, бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын кеңейтуде, танымдық іс-әрекетін арттырып, білім, біліктерін жетілдірудің қоғамдық мәні зор деген сөз.

Таным – объективтік шындықты адамның ойына бейнелейтін және қайта жаңғыртатын, қоғамдық іс-әрекет барысы. Ол заттардың мәніне дәлірек жетудегі күрделі және қарама-қайшылық ретінде қаралады. Ақиқатқа жетудің, объективті шындықты танудың диалектикалық жолы: «Нақты пайымдаудан абстрактілі ойлауға, одан тәжірибеге көшу болып табылады». Таным барысында ойлаудың түрлі тәсілдері пайдаланылады (анализ, синтез, дедукция, индукция абстрактіліктен нақтылыққа көтерілуі және т.б) [2].

Танымдық әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Танымдық әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптасады.

А.Құнанбаевтың жетінші қара сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар –

тәннің құмары. Бірі – білсем екен деп, не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, одан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да, тұра жүгіріп, «Ол немене?», «Бұл немене?» деп, «Ол неге өйтеді?», «Бұл неге бүйтеді?», деп, көз көрген, құлақ естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» [3] - деп баланың туғаннан бастап-ақ танымын кеңейтуге құлшыныс жасайтынын, баланың жас кезінен-ақ танымдық әлемін кеңейту, сол бағытта әрекет ету мәселесі көтерілген.

Танымдық қызығушылық әртүрлі сапада көрінеді. Танымдық қызығушылықтың күрделі табиғаттың өзі оның жеке адам дамуының түрткісі, қозғаушы күші екендігін көрсетеді. Сондықтан бірқатар зерттеушілер танымдық қызығушылықты жеке адам дамуының басты шартте ретінде қарастырады. Олардың берген анықтамасы бойынша, танымдық қызығушылық дегеніміз:

- ғылым жаңалықтарын, қоғамда болып жатқан өзгерістерді танып білуге деген қызығушылық

- рекет қызығушылығы, танымдық міндеттерді шешудің тиімді жолын белсенді мақсатқа талпына (бағытты) іздестіру, ол күш жұмсау мен және қиындықтарды жеңумен байланысты.

- адамның психикалық үдерістерін, іс-әрекетін оның танымдық мүмкіншілігін белсендіретін, адамның қоршаған заттар, құбылыстар, оқиғаларды танып-білудегі таңдамалы бағыттылығы.

- пәнге деген кез-келген қызығушылық емес, танымдық іс-әрекетпен байланысты қызығушылық, одан үнемі ойлаудың объектіге жақындығы байқалады.

- білімге және шығармашылық жұмысқа талпыныс, ол таным қуанышымен байланысып отырып, адамды мүмкіндігінше көп жаңа нәрсені білуге, түсінуге, тексеруге, анықтауға және меңгеруге итермелейді.

- таным саласына, оның заттық жағына және білімді мегеру процесі не деген жеке тұлғаның таңдамалы бағыттылығы.

- жеке адамның қандайда бір объектіні тану барысындағы белсенді талпынысына байқалатын таңдамалы бағыттылығы[4].

Оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту – қазіргі кезде барлық мұғалімдер қауымын толғандырып жүрген мәселелердің бірі.

Қызығу (латынша interest – мәні бар, маңызды) адам ерекше сезінетін қимылдың нақты себебі. Қызығулар өзінің мазмұны мен бағытына қарай: материалдық, қоғамдық-саяси, кәсіптік, спорттық, танымдық, т.б. болып келеді. Мәселен, таным қызығулары оқуға, ғылымға қызығу, кәсіптік қызығулар сан-салалы кәсіптің түрлеріне байланысты, эстетикалық қызығулар кино, театр, музыка, бейнелеу өнеріне т.б. орай бөлініп жатады. Адамның қажеттілігі негізінде қызығулар мен бейімділіктер пайда болады, бұлар едәуір дәрежеде жеке адамның бағыт-бағдарын анықтайды.

Қызығудың дамуы үш сатыдан тұрады. Олар: *әуестік, құмарлық және таза қызығуға талпынуы.*

*Әуестік*—әдеттен тыс, таңғаларлық, күлкілі нәрселерге бала бойында уақытша байқалатын сырттай қызығу.

*Құмарлық* – қызығудың күрделі сатысы. Мұнда нысанмен терең танысуға, бірқатар сұрақтарға жауап іздестіруге ынта-ықылас т.б.

*Нағыз қызығу* – бұл іс-әрекеттің бір немесе бірнеше бағытындағы тұлғаның танымға деген тұрақты ұмтылысы[4].

Жаратылыстану сабағында оқушылардың шығармашылық ойлауымен танымдық қызығушылығын қалай дамытуға болады?

Жаратылыстану пәнінің ерекшелігі, бұл пәннің мазмұны қазіргі заманғы ғылыми білімнің, мәдениеттің әртүрлі салаларынан хабардар ету негізінде дүниені танып-білу әдістерімен бақылау, эксперимент, модельдеу, талдау, синтез, салыстыру т.б. оқушыны қаруландыру арқылы оның ортамен сауатты қарым-қатынасын жан-жақты дамыту мүмкіндік береді.

Демек, жаратылыстану пәндерінің мазмұны, оқыту үдерісін ұйымдастырудың негізі, оқытудың түрлендірілген әдіс-тәсілдері, сабақты ұйымдастырудың ерекшеліктері бүгінгі күнде дидактиканың пәнаралық байланыс теориясына негізделуін қажет етеді.

Жаратылыстану сабақтарында оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырудың түрлі жолдары бар. Мұғалімнің сабақ беру шеберлігіне байланысты танымдық, белсенділік нәтижесінде оқушылар оқулық бойынша игеруге тиісті көлемінде ғана шектеліп қалмай, ой өрісін дамытып, білімді әлдеқайда тереңірек меңгереді.

Жаратылыстану сабақтарында тек оқулықта берілген суреттермен шектелмей, қабырғаға ілінетін көптеген кестелер, көркем суреттер қолданылады. Оқулықтағы суреттер тек танымдық мәнімен ғана емес, сонымен қатар тәжірибе мен бақылау жұмыстарын атқаруға да көмегін тигізеді.

Кейбір тақырыптардың астына немесе мәтін арасында, не соңында берілетін сұрақтардың, тапсырмалардың ең негізгі қызметі – оқушының бұрыннан бар білімін жаңа мазмұнды зерделеп түсінуге қолдануға үйрету.

Кейбір тапсырмалар, сұрақтар оқушыларға қосымша кітаптарды, құралдарды оқуға, үлкендермен әңгімелесуге, олардың көмегіне сүйенуге т.б. бағдар-нұсқау беріп, өздігінен ізденуге, еңбектеніп мағлұмат жинауға тәрбиелейді.

Оқулықтағы тақырыптар соңында берілген сұрақтарға жауап іздеу, тапсырмаларды орындау барысында бастауыш сынып оқушылары өз жерінің өсімдіктер дүниесімен (*ағаш, бұта, шөп текті*) танысады. Жергілікті ағаштар мен бұталардың жапырақ жайып, гүлдеу уақытын анықтайды, өз жерінде өсетін жемістердің суретін салады. Өздері тұрған жердегі өзен, көл суларының тазалығын, олардың шаруашылыққа қалай пайдаланылатынын, күзде өз өлкесінен жылы жаққа ұшып кететін құстар тізбегін, қыстап қалатын құстардың тіршілігін т.б. бақылайды.

Табиғатқа топсаяхат, жүргізілген бақылаулар нәтижесінде жинақталған материалдарды, атап айтқанда, оқушылар тұрған жердегі пайдалы қазбалардың, құм мен саздың үлгілерін, жануарлардың суреттерін,

оқушылардың өздері салған суреттерін, өз өлкесінің жабайы және мәдени өсімдіктерінің кептірмелерін (гербарийлерін), жергілікті жер беті формасының суретін бастауыш сыныптың өлкетану бұрышына орналастыру қажет.

Балаларды тарихи музейлерге апартуға болады, онда олар сәулет, кескіндеме өнері, археологиялық қазбалар, Қазақстан аумағындағы ежелгі өркениет ескерткіштері, қазіргі заман ескерткіштерімен таныса алады. Содан кейін зерттеу жұмысы жүргізіледі. Оның нәтижесін түрлі мерекелік шаралар: «Суреткер қылқаламы», «Көңілді жәрмеңке» т.б. түрінде, «Біз Қазақстан тарихы туралы не білеміз?» деген тақырыпта пікірталас түрінде қорытуға болады.

Жаратылыстану пәнін тереңірек меңгеру үшін табиғатқа, өндіріс орындарына, мұражайларға, түрлі тарихи және қоғамдық орындарға топсаяхат ұйымдастырудың мәні өте зор.

Сөйтіп, 1-2-сыныптарға арналған «Жаратылыстану» оқулықтарында берілген материалдар оқушының танымдық қызығушылығын дамытуға мол мүмкіндік береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбиетұжырымдамасы. – Астана. – Егемен Қазақстан, 2009. 16 қараша.
2. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. – Алматы: Рауан, 1999. – 272 б.
3. Құнанбаев А. Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – Алматы, 1986. – 2 том. – 196 б.
4. Сейталиев Қ. Жалпы психология: Оқу құралы. – Алматы: «Білім», 2007. – 360 б.
5. Кузнецова С.Н, Сапақов Д.Н, Васаева И.Н. т.б Жаратылыстану: Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016 -96 б., суретті.
6. Андриянова А.Т., Беркало В.Н., Жакупова Н.Ш., Полежаева А.В. Жаратылыстану: Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. - Астана: “Назарбаев Зияткерлік мектептері” ДББҰ, 2017.-96 б., суретті.